

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

*С.М. СЕЙТМАН Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан
(e-mail: sseitman@mail.ru)

АБАЙ ЕЛІ МЕН АЛАШ ҚАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Семей қаласы мен облысының құрылу тарихынан сөз қозғалып, «Абай елі» мен «Алаш қаласы» атауларының тарихи негіздеріне талдау жасалды. Бір кездерде Семей қаласының бір бөлігі ресми түрде «Алаш қаласы» атанғаны Алаш арыстары Ә.Бөкейхан мен Р.Мәрсековке байланысты нақты деректермен дәйектеледі. Өңірдің Кеңес үкіметі тұсындағы және тәуелсіздік жылдарындағы тағдыр-талайы таразыланып, әр кезеңдегі жағдайы зерттеу жұмысының өн бойында қазақ поэзиясының тақырыптық туындыларымен өріліп отырады. Дереккөздер ретінде архив материалдары, ғалымдар мен өлкетанушылардың іргелі ғылыми-зерттеу еңбектері, қазақ ақындарының жыр жинақтары және мерзімді басылымдар қарастырылды.

«Абай елі» ұғымын Абай облысы деңгейінде, «Алаш қаласы» ұғымын Семей қаласы дәрежесінде танып-таныстырылады. Өңірдегі тарихи нысандар мен табиғи байлықтардың туристік әлеуетін шамалап, өзінің идеяларымен оқырманына ой салады. Пәнаралық байланыс деген ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуына өз септігін тигізетіні белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда, әдебиет, тарих, туризм, журналистика, өлкетану сияқты бірнеше саланың мәселелесін қозғап, талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Абай, Алаш, Семей, қазақ поэзиясы, рухани сабақтастық, туризм.

Кіріспе. Бір замандардан бері «Абай елі» атанған Абай облысының аумағы мен «Алаш қаласы» аталған Семей қаласының жөні бөлек. Бірі – әдебиетіміздің алып тұлғасы Абай атына иелік еткен шежірелі атырап болса, бірі – Абайдың рухани ізбасарлары саналатын Алаш қайраткерлерінің арман-аңсарымен астасып жатқан тарихи шаһар. Абай елі мен Алаш қаласының рухани сабақтастығы – төл әдебиетіміздің жарасым тапқан тамаша дәстүр жалғастығы, ынтымағымызды ұйытып, рухымызды асқақтатар ұлттық идеямыз бен еңселі елдігіміздің бұлжымас белгісіндей шынайы бейнесі.

«Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа көптеген дара тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы» [1] болғанын мемлекет басшысы дұрыс бағамдаған еді.

Семей – Алаштың ту тіккен құтмекені, айбынды да айбарлы қала. Деректерде шаһардың бір бөлігі «Алаш қаласы» аталып, Алашорданың орталығы болып жарияланғаны дәйектеледі. Төрағасы ретінде Р.Мәрсеков қол қойған «Алаш қаласы туралы» хаттамадан 1917 жылғы 29 шілдеде тұрғындардың жиналысы өтіп, шешімнің сол жиналыста қабылданғанына көз жеткіземіз [2, 210]. Сондай-ақ «Абай елі» ұғымының да бұған дейін Абай ауданының шеңберімен шектеліп келгенін көңілі ояу кісінің қай-қайсысы да жақсы біледі.

Осы таным-түсінікпен абайтанушылардың, алаштанушылардың және өлкетанушылардың Абай елі мен Алаш қаласын қарастырған ғылыми жазбалары аз емес. Абай елін – Абай облысы, ал Алаш қаласын – Семей қаласы деңгейінде қарастырып,

Абай мен Алаштың рухани сабақтастығын таразылағанымыз, осынау құт дарыған қасетті мекеннің тағдырлы кезеңдеріндегі кескін-келбетін қазақ поэзиясынан іздеп, олардың көркемдік әлеміне үңілгеніміз. Бұл тұрғыда халық әні мәтіндері мен Н.Айтұлы, Ұ.Есдәулет, Б.Жақып, Т.Әбдікәкімов секілді ақындардың өлең-жырлары қарастырылды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақ әдебиетінің өзіндік бейнелеу құралдарымен, өлшем-өрнектерімен өзгешеленетін, кең тынысты, сан-салалы тармағы – поэзия. Қазақ поэзиясы – талай кезеңдердің куәсі болған, түр мен мазмұн, көркемдік қуаты жағынан тоқырамай дамып отырған рухани мұра. Қазақ әдебиетінің тарихында әдебиеттану ғылымының назарынан тыс қалып келе жатқан ақтаңдақ беттер көп. Кеңестік идеология, тоталитарлық қоғамдық жүйе ұлттың азаттығын көксеп жазылған шығармаларымызды ғылыми айналымға жібермей, ол шығармалардың жариялануына да қатаң тыйым салынды. Ел мен жер тарихы туралы жазылған шығармалар жарыққа шықпайда қалды. Десек те, тәуелсіздік алғаннан кейін көп айтылмаған Семей өлкесі, алаш қаласы туралы жазылған поэзиялық туындылар көріне бастады. Біздің мақсатымыз жоғарыда талған ақындар поэзиясын талдай отырып, оның ерекшеліктерін анықтап, қазақ әдебиетінің тарихындағы орнын айқындау. Семей қаласына іс-сапар негізінде жинақталған материалдарды жинақтау, тұжырымдау, сондай-ақ, зерттеуде сипаттамалы, жүйелеу әдістері қолданылады.

Талқылау мен бақылау. «Семей» ұғымы шынайы даму тарихын тек болжап қана шамалауға болатын халық әуендерінің мәтінде өлең түрінде кездеседі:

Ахау, Семей!
Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей.

Халық әнінің бір ғана шумағын негізге алып, тарихи талдау жасау ұлт тарихы мен ұлттық өнер тарихын таразылауды мақсат тұтқан әріптестеріміздің еншісіндегі елеулі шаруа болса керек. Ал біз нақты деректерге жүгіне отырып сөз сабақтасақ:

Семей – көне қала. Тарихы 1718 жылдан бастау алады. Зерттеулер ерте замандарда сауда-саттық пен өндірістің ірі ошағы болғаны жайлы жазады. Рухани әлеміне құлаш ұрсақ, әдебиет алыптары Абай мен Шәкәрімнің ізі қалған, тамыр жайып, нәр алған ағарту ошағы. Мұхтар мен Жүсіпбек, Қаныш пен Әлкей секілді ардақтыларымыздың көкірек көзін ашқан білім бұлағының бастауы. Өнер мен мәдениет саласындағы терең тамырлы тарихынан тағылым алу ұлттығымыздың ұлы орданы болып қала береді.

Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың әкімшілік және рухани астанасы болып Ертістің сол жағалауы, яғни Алаш қаласының белгіленгені жөнінде бір-біріне сілтеме жасаған жазбалар аз емес. Солардың ең негізгісі деп Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханның жаңа үкімет жұмысын бастағаны жайлы Орынборға жолдаған жеделхатын айтуымызға болады. Ол хатта: «Екінші қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша 24 июньде Алашорда «Алаш» қаласында іске кірісті» [2, 210], – делінген.

«Кешегі ел есінде Алаш атың,
Ұлымның рухына жарасатын.
Семейім, «Семей» деген байырғы атың,

Елдіктің көрсетіп тұр парасатын!» [3, 247], – мазмұнында хатқа түскен ақын өлеңіндегі алғашқы қос тармақ біз індеткен өмір шындығынан сыр шертердей. Жидебай мен Семейдің арасын жол қылғанда жарықтық Абайдың ізі қалған, арман-аңсарына куә болған осы маң.

Бүгінгі жұртқа мәлім Жаңа Семей,
Немене кешегі Алаш қаласы емей?
Шешесін көзге шұқып туған қызы,
Көріңді әкесіне баласы өгей.
Бұл Семей не көрмеді жаралғалы,
Жалғанның жалқұйрығы таралғалы.
Қазандай қайнап жатқан қанбазардың

Қақпасы ескіргелі, жаңарғалы.

Ақтарсаң құпиясы күнде ашылған,

Қазына – қатпарқатпар сыр жасырған [2, 142] – деп Н.Айтұлы жырлағандай, тарихтың ақтаңдақ беттерінен сыр шертіп тұрғаны рас. Ақынның айтар ойымен ұштасып шебер жасалған өлеңнің бағасын биіктетіп тұр. Осы өлеңде: “ Қалың ел ұйып жатқан айран-сүттей,” , “Күзеліп тұлпарымның жалқұйрығы,” , “Қанаты сұңқарымның жұлмалаңды” , “Төрінен тозақ оты сөнген жаңа” секілді тіркестерден – ақ, Семей қасіретінің тамыры тереңде жатқандығын аңғарамыз.

Қасиетті мекенге арнайы сапар шегіп, ардақтыларымыздың табаны тиген, алақанының табы қалған нысандарға зиярат ету бақыты бізге де бұйырды. Көне жәдігерлерін қолмен ұстап, көзбен көрдік. Терең рухани әлеміне ендік. Негізгі уақытымызды «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» деп аталатын Абай облыстық мемлекеттік архивінде өткізуге талаптандық. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекет тарихы институтының іргелі ғылыми-зерттеу жобасы негізінде Семей өңірінің саяси-дипломатиялық дамуы жайлы және диссертациялық тақырыбымыз үшін ізденіп, Алаш мұраларымен тікелей танысу басты мақсатымыз еді. Жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде бірталай маңызды дүниелерге қол жеткіздік. Архивтен тақырыбымызға байланысты құнды құжаттар кездестірдік. Абай кітапханасының сирек кітаптар қорындағы Алаш қайраткерлерінің түпнұсқа кітаптары көзқуанышымызға айналды.

«Астанасы Алаштың!

Бас қаласы Алаштың!

Ұстыныңа бас иген

Ұрпақ қалай адассын?!

Асыл Елі Абайдың!

Пейілің бар ақ айдын.

Жақұтыма теңеуді

Бақытыма балаймын!» [4, 16], – үлгісінде басталатын төл туындымыз бүгінде әсерге толы сәттердің естен кетпес естелігіндей белгіде.

Деректерді сөйлетсек, облыстың құрылу тарихы 1854 жылдан бастау алады. Кейіннен ол губерния болып жұмысын жалғастырады. Семей губерниясының территориясы жалпы Францияның жер көлемінен бір жарым есе үлкен болған деседі [5].

1939-1997 жылдар аралығында өңір – Семей облысы атанып, ал Семей қаласы – облыстың әкімшілік орталығы міндетін атқарды. 1993 жылғы қыркүйекте Тұңғыш Президенттің аймаққа жасаған сапарына орай хатқа түсіп, архивке жолданған құжатта жер көлемі 179,6 мың шаршы шақырымды құрайтыны көрсетілген. Бұл жалпы Қазақстан аумағының 6,6 пайыз бөлігі деген сөз. Облысты 3 қала мен 15 ауылдық аудан құраған. Халқының саны 843 мың адам (90 түрлі ұлт өкілдері): 455,8 мың қазақ, 295,7 мың орыс, 18,1 мың украин, 41,1 мың неміс, 19,3 мың татар ұлтының өкілдері. Соның ішінде Семей қаласының тұрғындар саны 342,5 мың адам болғанын архив құжаттары айғақтайды [6,16]. Бұл көрсеткіш кімді қандай күйге бөлегенімен, Семейдің Кеңес одағы дәуіріндегі жағдайы мәз болды деуге аузымыз бармайды. 1949-1991 жылдар аралығында аймақта 470 ядролық сынақ өткізіліп, 118 жарылыс ауада (1963 жылға дейін), 352 жарылыс жер астында жасалды (1963 жылдан 1991 жылға дейінгі уақытта). Соның кесірінен облыс аумағы ядролық радиацияға толып, халық қасірет шекті. Сәулеге шалдыққан адамдардың саны 500 мыңға жетті. Ал қайтыс болғандардың есебіне жету мүмкін болмады. Мұндай жағдайлар тарих сахнасына Кешірім Бозтаев секілді тұлғаларды шығарды. Ол СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.Горбачевтің атына шифрограмма жолдап, бәйек қақты. Семейде ядролық сынақтардың тоқтатылуын тұңғыш талап еткен осы азамат дейді көзкөргендер.

БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты Өкілі Херберт Берсток Семей қасіретінің зардабын: «Олардың экономикалық тұрғыдағы келешегі мен ең қымбат деген денсаулығы көптеген ұрпақтар бойы қауіп-қатерге байланып отыр» [7,7], – деп көрсетті. Дүниежүзін

даурықтырған дүмпуі күшті дабыл қазақ қаламгерлерін де бей-жай қалдырмады. Ақын Олжас Сүлейменовтің төрағалығымен 1989 жылдың 28 ақпанында «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Қозғалыс біраз бастамаға қозғау салды. Сол кезеңдерді: «1989 жылы сәуірде Семей облысының атынан Жоғарғы Кеңес депутаты болып сайландым. Сайлаушылардың бір ғана аманаты болды, ол – Семей полигонын жабу және оны шешу басты міндетім еді» [8], – деп еске алады Қозғалыс төрағасы. Қазақ қаламгерлерінің ұлт рухының киелі мекеніне деген шарапаты қоғамдық-саяси кеңістікте осылай көрініс тапса, әдебиет әлемінде қасіретті тағдырлардың образды бейнесі қағазға егіліп жатты:

«Күн кірпігін қаққанда, тақыр Дала көрінген,
Қалаға да сол Тақыр қорқынышты өлімнен.
Қасқыр да жоқ ол жақта.
Арқар да жоқ.
Құрыған.
Тек, Иттері мияулап,
Мысықтары ұлыған» [9, 107].

Өзі өмір сүрген дәуірдегі саяси-әлеуметтік мәселелер, сүреңсіз дала бейнесі ақын қаламынан тысқары қалмаған. Облыстың Тәуелсіздік жылдарындағы ерекше еңсе тіктеген кезіхакім Абайдың 150 жылдықмерейтойыныңтұсы. Архивдеректеріненбайқағанымыздай, ЮНЕСКО аясында тойланған мерейтойға алыс-жақын шет мемлекеттерден жоғары лауазымды, абыройлы меймандар шақырылып, еліміздің саяси тұлғалары мен зиялы қауымы мүмкіндігінше түгел қатыстырылған. Сонымен бірге, Түркия, Германия, Франция, Иран, Австрия, Чехия, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Ресей, Өзбекстан мемлекеттерінен қазақ диаспораларының өкілдері де арнайы шақырылған. Мерейтой шарапатымен өңірдің даму көрсеткіші де бірнеше салада оңға басқан [10, 4-6-пп.].

Ол кезең Семейдің бөлек отау, жеке облыс болып тұрған кезі еді. Одан бергі тағдыры белгілі: облыс тарады, Семей Өскеменге қарады. 1997-2022 жылдар аралығындағы ширек ғасырда Семей облыс орталығы мәртебесінен айырылып, облыстық маңызы бар қала статусына ғана иелік етіп қалды. Өңірлік өлкетану музейінің басшысы Қайрат Зекенұлымен әңгімелесу барысында басынан бағы ұшқан уақыттарда да қала халқының саны өз мөлшерін сақтағанынан хабардар болдық. Дегенмен, жекелеген салалардағы көңілге медеу болар кейбір көрсеткіштер болмаса, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы бірден құлдырай бастады. Еліміздің Шығысындағы ұлттық һәм мемлекеттік қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз етудің тиімді жолы осы болғандықтан, жоғары биліктің мұндай қадамдарға амалсыз барғанын көзіқарақты жұрттың әрбірі білуге тиіс. Семей қандай күйге түссе де оның терең тамырлы тарихы мен шежіресіне қаныққан ақын перзенттері жырына қосудан жалыққан емес:

«Жұлдыздар аспанынан алшақ күліп,
Қарсы алар, түнде барсаң, самсап тұрып.
Семейім, сен арусың, сондықтан да
Мойныңа тағам жырды моншақ қылып» [11, 28].

Әр дәуірдің адамзат қоғамына жүктер міндеті әртүрлі болатыны секілді, әр кезеңнің де қазақ қоғамы үшін мүмкіндіктері әрқилы сипатта келеді. 2022 жылы ел Президентінің Жарлығымен Абай облысы қайта құрылды. Құрамына 1997 жылға дейінгі уақыттарда Семей облысына қараған аудандар кірді. Сүйінші жаңалықтан соң, көп ұзамай, Абай облысының жұртшылығымен арнайы кездескен Президент енді өңірдің тұрмысы өрге басатынын тілге тиек ете отырып, тұрғындарды тарихи оқиғамен құттықтады. «Біз жаңадан құрылған облысты ұлттың ұлы тұлғасына деген ерекше құрмет белгісі ретінде Абай деп атадық. Өйткені Абай – ұлт пен жұрттың символына айналған ұлы тұлға. Семей мен Абай – бір-бірінен ешқашан ажырамайтын ұғымдар. Осы мүмкіндікті пайдаланып, баршаңызды Абай облысының құрылуымен тағы да құттықтаймын!» [12], – деді мемлекет басшысы. Сонымен, Қазақстандағы бір облыс әдебиет алыбының атымен аталатын болды. Ел билігінің бұл шешімі ұлт рухын серпілті.

«Өлең де бір оқтан қашқан құралай,
Саған жылар, Тәңіріге жыламай.
Шапаныңның шалғайымен қорғай жүр,
Айналайын аруағыңнан, ұлы Абай» [13, 9], – деп толғайтын қазақ қаламгерлеріне де қанат біткендей сезім кештік.

Бұдан бірер жыл бұрын ғана Абай хакімнің 175 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында тойлау мәселесі де пысықталған болатын. Жалпы саны 82 тармақтан тұратын Абай тойының ауқымы өте кең жоспарланған: онда 500-ден астам іс-шаралар тізімі қарастырылды. Жоба-жоспар іске асқан жағдайда Абай елінің, Алаш қаласының бір түлейтін тұсы осы кез еді. Бірақ, әлем халқының мазасын алған карантиндік шектеулерге байланысты мақсатты міндеттер аяқсыз қалды.

Өткен уақыт өтті, кеткен мүмкіндік ол да кетті. «Уақыт – алтын» қағидасымен ілгері басу есті қоғам ескерер ескі ұстаным боларға керек. Ескі болса да көнермеген қағида. Қазақ халқы тарихи ұлы тұлғалардың ізбасар ұрпағы екендігі, ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керектігі, еліміздегі туризм саласының қазіргі ахуалын түбегейлі өзгертетін уақыт келгендігі Тоқаев тізбелеген өмір шындығы болатын. Тіпті, бұрын бар-жоғы білінбей келген саланы бөлек шығарып, Туризм және спорт министрлігі етіп қайта құрды.

Негізгі бағытымыз руханият, әдебиет мәселелері болғанымен, тақырыпты тереңірек ашсақ деген ниетіміз – тарихты, көштен қалмасақ екен деген отаншылық ұстанымымыз – туризмді таразылап көруге бастамашы болғанын қалай жасырайық?.. Қалың жұрт туризмнің елге тигізер негізгі екі түрлі шарапатын жақсы біледі. Біріншіден, ол елдің елдігін көрсететін тарихи-мәдени ескерткіш, рухани мұра, әсем табиғат болса; екінші, мемлекет қазынасына қыруар қаржы құятын үлкен табыс көзі. Ғалымдар оның бұған қоса тағы екі түрлі игілігін атайды: біріншісі, халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайтуға көмектесе, екіншісі, елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемші болады. Сондықтан, бұл сала Министрлікке тікелей тәуелді болғанымен, оны мемлекеттің басқа да тетіктері, бірінші кезекте жергілікті атқарушы билік үздіксіз һәм жүйелі түрде сүйемелдеп отыруы тиіс деп ойлаймыз. Себебі, бүгінгі таңда туризмнің әлемдік экономикадағы қозғаушы күш екенін бәріміз мойындап отырмыз. Одан түсетін пайда мұнай мен көлік саудасынан кейінгі орында деген дерек шындыққа жанасады [14, 6].

Ғалымдар туризмді негізгі үш түрге бөліп қарастырады. Олар: ішкі туризм, кіру (келу) туризмі, шығу туризмі. Белгілі бір ел тұрғындарының өз елінде саяхаттауы – ішкі туризм; белгілі бір мемлекетке оның тұрғыны болып табылмайтын тұлғалардың саяхат жасауы – кіру туризмі; белгілі бір ел тұрғындарының басқа елдерге саяхаттауы – шығу туризмі болып табылады [15, 9]. Ал адамдар санына қарай топтық және жеке; жас мөлшері бойынша ересек, жастар, балалар, аралас; жыл мезгілі жағынан жаздық, қыстық, маусымаралық т.б. түрлері бар екен [16, 31]. Бұл түрлер туризм теориясын танып-білуімізде ғана емес, саланы дамытудың жүйелі жоспарын құрып, нақты іске кірісуде де тиімділігін көрсетері сөзсіз. Байыптап қарасақ, туризмнің ел экономикасына игілік әкелер түрі – кіру туризмі. Бірақ, өкініштісі, Қазақстандағы кіру туризмінің көрсеткіші шығу туризмінен бірнеше есе аз мөлшерде [17, 46]. Демек, туризм саласы бойынша еліміздің есесі еселеп кетіп жатыр деген сөз.

Бір ғана Абай облысының аумағында әңгіме қозғайтын болсақ, Жидебайдағы «Абай – Шәкәрім» мемориалдық кешені, Абайдың музей-үйі, «Еуразия кеңістігінің кіндігі», Үлкен ордадағы Еңлік пен Кебек тығылған үңгір, Еңлік-Кебек ескерткіші, Ақшоқы – Құнанбай әулетінің қонысы, Абайдың кіндік қаны тамған жер – Сырт Қасқабұлақ, Бөрілідегі Әуезов музей-үйі, Күшікбай батыр бұлағы сынды байтақ дала төсіндегі теңдессіз ескерткіштер, Тарбағатай тауларының етегіндегі хандар мен би-батырлардан қалған тарихи таңбалар, өнегелі іздер, қала ішіндегі Абайдың «Жидебай-бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, Абай білім алған Ахмет Риза мешіт-медресесі, Абай тарихи-этнографиялық заттарын тапсырған Семей өлкетану музейі, Алаш тарихымен

тағдырлас Түйемойнақ аралы, Абай мен Алаш арыстарына ортақ киелі қарашаңырақ «Алаш арыстары – М. Әуезов» музейі, 1834 жылы қазақ көпесі Т.Кәукенов салған діни сәулет ескерткіші – Тінібай мешіті, өрліктің символындай өркеш-өркеш таулары, есіле аққан Ертіс өзені мен қарағайлы ормандары т.б. секілді Жаратушының һәм табиғат-ананың сыйға тартқан баға жетпес байлықтары – түбектегі туризмнің мол мүмкіндіктері саналады [18].

Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,

Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су, – деп өрілетін Абай жырынан мысал келтірген Сұлтан Оразалинов, Шыңғыстаудың қыз мүсінді тұмса табиғатының көп тұсы Абай дәуіріндегі қалпынан айнымағанын айтады [19, 8]. Бұған тарихи мекенге жасаған бірнеше сапарымызда біз де дүркін-дүркін көз жеткізгендей болғанбыз. Арыстарымыздың көзіндегі құнды тарихи сәулет ескерткіштеріне деген мемлекеттік қамқорлықты оң бағалауға негіз бар. Дегенмен, туристік қызмет көрсету саласының жұмысын үйлестіру мен нысандардың мән-мазмұнын бұқараға насихаттау шаралары заман талабына сай ширата түсуді қажет етеді. Бұл ретте тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғалардың мерейтойларымен ғана шектелмей, жыл сайын, дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын мегажобалар мен медиажоспарлар межеленгені ләзім. Зерттеу нәтижесі, Президентіміз айтқандай, туристік менеджмент пен туристік индустрияның да ақсап тұрғанын аңғартты. Қарапайым қонақүй шаруашылығын реттеу мен мотельдер салу мәселесін жолға қою, мейрамхана сервисі мен туристік қызмет көрсету бағдарламаларын заман талабына сай үздіксіз жетілдіріп отыру – өркениеттіліктің белгісі.

«Kazak halkında misafir ağırlamak ve onu doyurmak hayatı önem taşımaktadır. Eve gelen konağı güler yüzle ve iyi şekilde karşılamak gerekir. Gelen misafire saygı ve hürmet göstermek, Kazak halkının başlıca görevleri arasındadır» [20, 222], – деп мойындалған қазақтың керемет дәстүрі мен дәстүрлі дүниетанымының өзін еш жерде қайталана бермейтін бірегей бренд деуімізге болады. Келген қонақты құрақ ұшып қарсы алып, оған айрықша құрмет көрсету – халқымыздың асыл қасиеті. Тек осы қасиетімізді заманмен қабыстыра отырып, өз пайдамызға жарата алсақ, шіркін.

Нәтижелер. Жоғарыда әдеби тұлғамыздың есімімен облыстың атын атап, дәріптеу – біріншіден, төл әдебиетімізге деген ерекше құрмет болса, екіншіден, бізге әлемдік ақылай аламанында қазақ халқының да қаражаяу емес екенін дәлелдеу міндетін жүктейді дедік. Бұл міндет Абай мен Абай дәстүрінен айнымаған алыптарымыздың шығармалары арқылы жүзеге асып, олардың мұраларына әуелі өзіміз мақтанышпен қарай алсақ қана іс алға баспақ. Өздігімізді өзгелерге дәріптеудің қарапайым жүйесі осы болса керек. Бұл орайда, үйлестіру-ұйымдасытыру жұмысында белгілі мақсаттарға жету үшін *туристік тактиканың* да рөлі маңызды. Қазынасын туризммен қампайтуды дәстүріне айналдырған елдердің озық тәжірибелерін зерттеп, оны Отанымыздың мүддесіне ыңғайлау негізгі тәсілімізге айналса дейміз. Тұжырымымыз түсінікті болу үшін сәл шегініс жасап көредік: 2017 жыл. Қазақ радиосында қызмет ететін кезіміз. Түркиядағы түрік әріптестердің шақыруымен (шығынның бәрін өздері көтерді) бір апта Измир қаласында қонақта болдық. Егей теңізінің жағалауынан Қазақ және «Шалқар» радиоларының эфиріне қосылдық. Бұл алыс-жақын шетелдерден таспасыз, тікелей эфирде көлемді хабар таратудың алғашқы үлгісі еді. Қателеспесек, Қазақ радиосы техникалық қызметінің тікелей эфир қосылымына интернеттің мүмкіндігін тұңғыш пайдалануы. Түріктер теңіз жағалауына көшпелі студия құрып, күні бойы сөйлесеңіздер де өз еріктеріңіз деп, бізге бар мүмкіндікті жасайтынын жеткізді. Қазақстандық делегацияны бастап барған ресми өкіл ретінде неге мұнша шығындалып жатыр екен деп, мән-жайды зерттегендей болдым. Бұл – айнала қабырғасының бәрі шыныдан жасалған көшпелі студияның ішінде отырып, теңіздің әсемдігі мен табиғаттың сұлулығын айтқан сайын миллиондаған аудиториясы бар қос радиоарнамыздың тыңдармандарын турист ретінде тартуға төте жол екен. Соны сездік те,

сол қалада оқитын қазақ балаларын студияға шақырып, сән-салтанаты жарасқан Измирдің әр нысанын айтқан сайын «Бәрібір Қазақстанның Бурабайына жетпейді», «Алакөлімізге татымайды», «Түркістанымыздай болу қайда?» дегендей сөздермен ойымызды түйіндеп отыруды студент жастардың аузына салып бергеніміз бар. Елге қайтудан бір күн бұрын Ақпарат, Мәдениет, Туризм салаларына жауапты министрлер 22 мемлекеттен жиналған радиожурналистерге салтанатты дастарқан жайып, ресми қабылдау өткізді. Бұдан бұл шараның мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылғанын түйсіндік.

Қазақстандағы туристік нысандар мен тарихи орындардан, сондай-ақ, демалыс аймақтарынан халықаралық және елішілік ақпараттық турлар мен соған ұқсас іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыруды жолға қою – күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Ұсынылған жоба мүлгіген тыныштықта жатқан, ұлы тұлғаларымыздың кіндік қаны тамып, бесігі болып тербетілген, Алаш арыстарының ізі қалып, ізгі арманына куә болған Абай облысы мен сырлы Семейді айналып өтпеуге тиісті. «Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет» [21, 16] екенін ескерсек, бүкіл қазақ Абай, Алаш рухымен айбаттансын десек, бұл үрдіс, бірінші кезекте, Шыңғыстаудың баурайынан бастау алғаны тарихи әділеттілік деп санаймыз. Себебі,

«Бұл Семей не көрмеді жаралғалы,
Жалғанның жал-құйрығы таралғалы.

Қазандай қайнап жатқан қан базардың

Қақпасы ескіргелі, жаңарғалы» [3, 244], – деген мазмұнда жырға арқау болғандай, бір кездері ядролық сынақ алаңына айналған тағдырлы мекен – ұлттық болмысымыздың ядросы екенін терең түсінер уақыт әлдеқашан жетті. Семейге жасалған шабуыл – ұлттық ядромызға жасалған қиянат, Семейге жасаған жақсылық – ұлттық ядромызға жасаған шарапат екенін түйсіну – әр қазақтың қасиетті борышы. Сол себепті, Абай елі (Абай облысы) мен Алаш қаласына (Семейге) саяхаттайтын жұртшылық сайран салуға емес, тұлғалар тағылымынан сабақ алуға, сол арқылы сауап алуға ниет етуге тиіс. Арыстарымыздың аруағы қонған мекеннің терең тарихына бойлап, тылсым сырына үңілуді мақсат тұтса дейміз. Ал әр қазақ баласының Семей өңірінен аттанардағы қимас сезімі келесі жыр шумағымен мазмұндас:

«Қасиетті Семейім!

Үстем болсын мерейің.

Тарихымды тануға

Тағы айналып келейін!» [4, 16].

Қорытынды. Мақалада Абай елі мен Алаш қаласы қандай тағдыр кешкен кезеңдерде де қазақ ақындарының бейқам жатып, үнсіз қалмағанын дәлелдеп бақтық. Ана сүтін арда емген адал перзенттері қуанышында шаттанып, қайғысында қабырғасы қақырай сөгіліп, туған жерімен бірге тыныстайды. Мақаламыздағы өрімі келіскен өлең шумақтары қағаз бетіндегі жәй жазулар емес, шайыр-жүректердің шынайы жанайқайы дерсіз. Әдебиеттегі бұл дәстүр «Сүйемдей жерге сүйегін беруге» бел буған Алаш арыстары арқылы біздің заманымызға жеткен құнды құбылыс.

Ал Алаш қайраткерлерінің қалыптасуына Абай шығармалары қалай ықпал еткен болса, сол сияқты, ғылыми зерттеулерді парақтай келе, Абайды тану мен таныстыруда да тыңнантүренсалғандар Алашқайраткерлеріболғанынбұғандейінгізерттеулерімізден ақты деректер арқылы дәйектеген едік: Абайды орыс тілі арқылы дүниежүзі оқырмандарына тұңғыш танытушы – Әлихан Бөкейхан. Абайдың өлеңдеріне алғаш рет тұщымды талдау жасаған – Ахмет Байтұрсынұлы. Абайтанушылардың тізбегін жасап, хакімді татар әлеміне бірінші болып таныстырған – Міржақып Дулатұлы. Абайға өлең арнап, оны тұңғыш рет «Хакім» атаған – Мағжан Жұмабай [22, 91].

Бұл сабақтастық үдерісі ХХ ғасыр басында тұлғалар танымындағы рухани байланыс арқылы жүрген болса, бүгінгі ХХІ ғасырда тұтастай ұлттық идея деңгейінде қарқын алып, сүйікті Қазақстанымыздың баға жетпес брендіне айналғанын қалаймыз. Бір-бірінен бөліп қарауға келмейтін Абай елі мен Алаш қаласының ең негізгі символдық мән-мазмұны да осында жатыр.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі. URL: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi (қаралды: 16.01.2025).
2. Тілепов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И. «Алаш» қозғалысы. – Алматы: Сардар, 2008. – 324 б.
3. Айтұлы Н. Шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Өлке, 2009. – 256 б.
4. Сейітман С. Алаш қаласы // Ертіс өңірі. №23 (1124). – 2023 жыл. – Б. 1.
5. Семей облысының құрылу тарихы. URL: https://semeilib.kz/?page_id=4272. (қаралды: 16.01.2025).
6. Абай облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (АОҚЗТҚО). 810-қ., 1-т., 312-іс.
7. Куйдин Ю. Ядерная трагедия Казахстана. – Алматы: Феникс, 1997. – 256 с.
8. Сүлейменов О. Семей полигонын жабу – үкіметтің емес, халықтың шешімі. URL: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/olzas-suleimenov-semei-poligonyn-zabu-ukimettin-emes-halyqtyn-sesimi>
9. Әбдікәкімов Т. Ырауан. Өлеңдер, балладалар, толғаулар. – Алматы: Атамұра, 2000. – 230 б.
10. Алаш-Орда. АОҚЗТҚО. 810-қ., 4-т., 28-іс.
11. Жақып Б. Уақыт ұршығы: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 264 б.
12. Мемлекет басшысы Абай облысының жұртшылығымен кездесті. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-abay-oblysynyn-zhurtshylygy-men-kezdesti-3085257>.
13. Айтұлы Н. Бөрігостаған: Өлеңдер, толғаулар, поэмалар. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 335 б.
14. Бесекей Е., Сайдұллаев С.З. Белсенді туризм әдіс-тәсілдерінің негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
15. Сұрағанова С.К., Сабатаева Б.О. Туризм менеджменті: Туризм мамандығына арналған оқулық. – Алматы: Өнер, 2012. – 256 б.
16. Смыкова М.Р. Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг. Учебник. – Алматы: Нур-пресс, 2006. – 220 с.
17. Қазақстан туризмі. Статистикалық жинақ. – Астана: Фолиант, 2013. – 134 б.
18. Уәлиев Қ., Әубәкір Ж. Абай елі. – Астана: Фолиант, 2023. – 88 б.
19. Оразалинов С. Абай елі: Альбом-шежіре. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – Алматы: Өнер, 1994. – 276 б.
20. Çetin, Halil. “Kazak Türklerinin Törensел Günlerdeki Yemekleri ve Bu Bağlamda Gerçekleştirilen Ritüeller” Millî Folklor 131 (Güz 2021): 219-229. <http://www.millifolklor.com/>
21. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан (қазақ, ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдерінде). – Нұр-Сұлтан: Д.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 114 б.
22. Ісімақова А., Беркімбаев К.М., Сейітман С.М., Нуруллах Четин. Абай және Алаш: дәстүр сабақтастығы // Ясауи университетінің хабаршысы. №4 (118). – 2020. – Б. 87–95.

С.М. СЕЙТМАН

Институт истории государства, Астана, Казахстан

ДУХОВНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ АБАЙ ЕЛІ И ГОРОДА АЛАШ, ИХ ОБРАЗ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. В статье рассматривается история образования города и области Семей, проводится анализ исторических основ наименований «Абай елі» и «город Алаш». Когда-то часть города Семей была официально названа «городом Алаш». Данный факт подтверждается данными, связанными с защитниками Алаш А. Бокейханом и Р. Марсековым. Изучена судьба региона при советской власти и в годы независимости, каждый период переплетается с тематическими произведениями казахской поэзии на протяжении всей исследовательской работы.

Методологической основой статьи является доклад Президента Республики Казахстан К.К. Токаева, а в качестве источников рассматриваются архивные материалы, фундаментальные научно-исследовательские труды ученых и краеведов, сборники стихов казахских поэтов и периодические издания.

Вводится понятие «Абай елі» на уровне Абайской области и понятие «город Алаш» на уровне города Семей. В статье сделан акцент на туристический потенциал исторических объектов и природных богатств региона.

Известно, что междисциплинарная коммуникация способствует интеграции системы наук в единое направление. С точки зрения этой концепции, основной ценностью статьи является рассмотрение и анализ проблем ряда областей, таких как литература, история, туризм, журналистика и краеведение.

Ключевые слова: Абай, Алаш, Семей, казахская поэзия, духовная преемственность, туризм.

S.M. SEITMAN

Institute of state history, Astana, Kazakhstan

SPIRITUAL CONTINUITY OF ABAI ELI AND THE CITY OF ALASH, THEIR IMAGE IN KAZAKH POETRY

Annotation. The article discusses the history of the formation of Semey city and region, analyzes the historical basis of the names «Abai eli» and «Alash city». The fact that once a part of Semey city was officially named «Alash city» is confirmed by factual data related to the defenders of Alash A. Bokeykhan and R. Marsekov. The fate of the region under Soviet rule and during the years of independence is weighed, and the situation in each period is interwoven with thematic works of Kazakh poetry throughout the research work.

The methodological basis of the article is the report of the President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev, and archival materials, fundamental research works of scientists and local historians, collections of poems by Kazakh poets and periodicals are considered as sources.

The author introduces the concept of “Abai eli” at the level of Abai region and the concept of “Alash city” at the level of the city Semey. Focusing on the tourist potential of historical sites and natural riches of the region, he gives readers fresh ideas to think about.

It is known that interdisciplinary communication contributes to the integration of the system of Sciences into one channel. From this point of view, this is the main value of the article, which touched upon and analyzed the problems of several areas, such as literature, history, tourism, journalism, local history.

Keywords: Abai, Alash, Semey, kazakh poetry, spiritual continuity, tourism.

References

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ülytau-2019» halyqaralyq turistik forumynda söilegen sözi. URL: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi (qaraldy: 16.01.2025).
2. Tilešov E., Qamzabeküly D., Nürahmet İ. «Alaş» qozğalysy. – Almaty: Sardar, 2008. – 324 b.
3. Aitüly N. Şyğarmalar jinağy. II tom. – Almaty: Ölke, 2009. – 256 b.
4. Seitman S. Alaş qalasy // Ertis öñiri. №23 (1124). – 2023 jyl. – B. 1.
5. Semei oblysynyñ qūryly tarihy. URL: https://semeilib.kz/?page_id=4272 (qaraldy: 16.01.2025).
6. Abai oblysy Qazırgı zaman tarihyñ qūjattandyru ortalyğy (AOQZTQO). 810-q., 1-t., 312-ıs.
7. Kuidin U. İadernaia tragedia Kazahstana. – Almaty: Feniks, 1997. – 256 s.
8. Süleimenov O. Semei poligonyn jabu – ükimettñ emes, halyqtyñ şeşımı. URL: <https://informburo.kz/kaz/newskaz/olzas-suleimenov-semei-poligonyn-zabu-ukimettin-emes-xalyqtyn-sesimi> (qaraldy: 16.01.2025).
9. Äbdıkäkımov T. Yrauan. Öleñder, balladalar, tolğaular. – Almaty: Atamūra, 2000. – 230 b.
10. AOQZTQO. 810-q., 4-t., 28-ıs.
11. Jaqyp B. Uaqyt ürsyğy: Öleñder, balladalar, poemalar. – Almaty: Jazuşy, 2004. – 264 b.
12. Memleket basshysy Abai oblysynyñ jürtsylyğymen kezdesti. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-abay-oblysynyn-zhurtshylygymen-kezdesti-3085257> (qaraldy: 16.01.2025).
13. Aitüly N. Böritostağan: Öleñder, tolğaular, poemalar. – Almaty: QAZAqparat, 2007. – 335 b.
14. Besekei E., Saidullaev S.Z. Belsendi turizm ädis-täsilderiniñ negızderi: Oqu qūraly. – Almaty: Ekonomika, 2012. – 190 b.
15. Sūrağanova S.K., Sabataeva B.O. Turizm menedjmenti: Tutizm mamandyğyna arnalğan oqulyq. – Almaty: Öner, 2012. – 256 b.
16. Smykova M.R. Turizm: ekonomika, menedjment i marketing. Ucebnik. – Almaty: Nur-press, 2006. – 220 s.
17. Qazaqstan turizmi. Statistikalıq jinaq. – Astana: Foliand, 2013. – 134 b.
18. Uäliev Q., Äubäkır J. Abai eli. – Astana: Foliand, 2023. – 88 b.
19. Orazalinov S. Abai eli: Albom-şejure. – Qazaq, orys, ağılşyn tilderinde. – Almaty: Öner, 1994. – 276 b.
20. Çetin, Halil. “Kazak Türklerinin Törenselsel Günlerdeki Yemekleri ve Bu Bağlamda Gerçekleştirilen Ritüeller” Millî Folklor 131 (Güz 2021): 219-229.
21. Toqaev Q.K. Abai jäne XXI ğasyrdağy Qazaqstan (qazaq, ağılşyn, arab, ispan, qytai, orys, fransuz tilderinde). – Nür-Sülтан: L.N.Gumilev atyndağy EÜU, 2020. – 114 b.
22. Isımaqova A., Berkimbaev K.M., Seitman S.M., Nurullah Çetin. Abai jäne Alaş: дәstür sabaqtastyğy // İasauı universitetiniñ habarşysy. №4 (118). – 2020. – B. 87–95.

Автор туралы мәлімет:

Сейітман Серік Мықтыбекұлы – филология магистрі, Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан

Сейтман Серик Мықтыбекұлы – магистр филологии, старший научный сотрудник Института истории государства, Астана, Казахстан

Seitman Serik Myqtybekuly – master of Philology, Senior Researcher at the Institute of State History, Astana, Kazakhstan